

Мемлекеттік ветеринариялық қызметті нығайтуға қатысты

Ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайды қамтамасыз ету, халықтың денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау, аумақты жұқпалы және экзотикалық аурулардың әкелінуі мен таралуынан қорғау, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі негізгі міндеттерді іске асыру мақсатында қажетті шаралар қабылданып, іске асырылуда.

Шараларды құру бойынша келесілер қабылданды:

- жергілікті атқарушы органдардан (бұдан әрі - ЖАО) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінен бақылау функцияларын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетіне (бұдан әрі - Комитет) қайтара отырып, «орталық-аймақ-аудан» қағидаты бойынша ветеринариялық бақылаудың вертикальдары.

Ресей Федерациясы және Қырғыз Республикасымен мемлекеттік шекараның шекара маңы аумағында 32 ветеринариялық бақылау бекеті ұйымдастырылған және жұмыс істейді, бұл мемлекеттік шекараның бүкіл периметрі бойынша тұрақты ветеринариялық бақылау жүргізуге мүмкіндік береді;

- «облыс-аудан-ауыл» қағидаты бойынша жергілікті атқарушы органдардың ветеринариялық қызметінің вертикальдары (ветеринария саласындағы іске асыру функцияларын жүзеге асырады) аудандар, облыстық маңызы бар қалалар деңгейінде өкілдерінің болу мүмкіндігімен облыс деңгейіндегі ветеринариялық бөлімшелердің шоғырлануы есебінен олардың вертикаль бағыныстылығын құру, сондай-ақ мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың облыстық деңгейге бағыныстылығы арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте ветеринария саласындағы бақылау-қадағалау функцияларын ЖАО-дан Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетіне (бұдан әрі – Комитет) қайтара отырып, 694 штат бірлігі берілді, олар Комитеттің тиісті аумақтық инспекцияларына жұмысқа орналастырылды.

Ағымдағы жылдың 20 қазанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және республика аумағындағы эпизоотиялық жағдайды жақсарту бойынша жедел міндеттерді шешу мәселесі бойынша отырысы өткізілді, проблемалық мәселелерді шешуге ерекше назар аударылды.

Ветеринариялық қызметті одан әрі нығайту және дамыту үшін, сондай-ақ ветеринария саласында орын алып отырған мәселелер бойынша 2021 – 2023 жылдарға арналған ветеринариялық қызметті дамыту және нығайту жөніндегі кешенді шаралар (бұдан әрі – Кешенді шаралар) әзірленді, онда жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты бақылау, ветеринариялық препараттардың айналымы, жануарлардың ауруларын болжау, ветеринария саласында сапалы кадрлар даярлау және қамтамасыз ету, сондай-ақ қолданыстағы ветеринария мамандары мен инспекторларының біліктілігін

арттыру, ветеринария саласындағы цифрландыру және ветеринариялық қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асыруды қамтиды

Мемлекеттік қызметшілерге (ветеринарлық инспекторларға) аса қауіпті ауруларды жұқтыру қаупі бар екенін ескере отырып, зиянды еңбек жағдайлары үшін үстемеақыларға қатысты.

Мемлекеттік қызметшілердің, оның ішінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың жалақысы «Мемлекеттік бюджеттен қамтамасыз етілетін барлық органдар үшін жұмысшыларға еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 16 қазандағы № 646 ҚБПҮ сәйкес жүргізіледі. Мемлекеттік қызметшілердің жалақысын арттыру шеңберінде факторлық-балдық шкала бойынша еңбекке ақы төлеу жүйесі қарастырылған, оған сәйкес салаларға және сыйлықақыларға байланысты жалақыны өсіру жоспарланып отыр (жылдың аяғында).

Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың ветеринариялық қызметкерлерінің еңбекақысын көтеруге қатысты

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік коммуналдық ветеринарлық ұйымдардың (бұдан әрі - Ұйым) жалақы қорының мөлшері келесідей түрде құрылады:

- шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорындарды жергілікті атқарушы органдар белгілейді, ал еңбекке ақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, өзге де сыйақыға сыйлықақы беру жүйесін кәсіпорындар белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде дербес айқындайды;

- мекеме Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» (бұдан әрі - қаулы) қаулысына сәйкес белгіленеді. Бұл ретте қаулыда қауіпті және аса қауіпті инфекциялардың қоздырғыштарымен және жұқтырылуы мүмкін және жұқтыру әлеуеті бар материалдармен (жануарлар мен құстардың, кенелердің, шыбын-шіркейлердің, сарышұнақтардың және тышқан тәріздес кеміргіштердің аса қауіпті инфекцияларының қоздырғыштарын жұқтырған патологиялық материалмен жанасу) жұмыс істегені үшін базалық лауазымдық айлықақының 140%-ына қосымша ақы мен үстемеақы көзделген.

Бұдан басқа, 2019 жылы азаматтық қызметшілердің жалақысы екі есе өсті (1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақының өсуіне байланысты 1 маусымнан бастап ҚР Президентінің тапсырмасы бойынша жалақы 30%-ға дейін өсті).

Азаматтық қызметшілердің жалақы деңгейін арттыру мәселелері елдің нақты қаржы-экономикалық мүмкіндіктеріне негізделі отырып қабылданады және кезең-кезеңімен жүргізіледі.

ЖАО-ның деректері бойынша облыстық маңызы бар қалалардың аудандары деңгейінде Ұйымдардың ветеринариялық мамандарының (басшыларды есепке алмағанда) орташа жалақысы 64,5-тен 117,0 мың теңгеге дейін, ауылдық округтер деңгейіндегі округтерде ветеринариялық мамандардың жалақысы 69,0-ден 94,0 мың теңгеге дейін құрайды.

Бұл ретте Ұйымдар ветеринария саласында ақылы негізде қызмет көрсете алады. 2019 жылы нақтылау және заңнамалық реттеу үшін ветеринария

саласындағы кәсіпкерлік қызметке жатқызылған ұйымдардың қызметтер көрсету мүмкіндігі бөлігінде заңдарға түзетулер енгізілді. Мұндай жұмыстарды жүргізуден алынған табыс қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге және оларға сыйлықақы беруге де пайдаланылуы мүмкін.

Ұйымдарды қаржыландырудың негізгі көзі ветеринария саласындағы функцияларды орындауға бюджеттен көзделген қаражат болып табылады (2020 жылға арналған жергілікті бюджеттерден шамамен 21,7 млрд.теңге көзделген) және аз бөлігін ақылы қызмет түрлерін көрсетуден түскен қаражат құрайды. Бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемі шеңберінде кәсіпорын өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын ЖАО-мен келісу бойынша кәсіпорын белгілейді.

Бұл ретте 2019 жылы заңдарға ЖАО-ның ветеринариялық қызметінің құрылымын өзгерту бөлігінде енгізілген түзетулер (мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың облыстық деңгейге бағыныстылығы) облыс деңгейінде ветеринариялық мамандардың еңбекақысын реттеуге және Ұйымдардың ветеринариялық іс-шаралар жүргізуіне арналған бірыңғай прејскурантты айқындауға мүмкіндік береді (түзетулер қабылданғанға дейін аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар деңгейінде реттелді).

Ветеринариялық қызметті монополиясыздандыруға және ветеринариялық зертханаларды реформалауға қатысты

Шаралар кешені шеңберінде ветеринариялық салаға (Комитет пен оның аумақтық бөлімшелері, мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар, ЖАО және т.б.) функционалдық талдау жүргізілетін болады, оның қорытындысы бойынша ұсыныстар, оның ішінде ветеринариялық зертханаларды монополиясыздандыру және реформалау кезіндегі қызметтің орындылығы мен тиімділігіне әсері тұрғысынан әзірленетін болады.

Ветеринария жүйесіне заманауи цифрлық технологияларды енгізуге қатысты

2019 жылы Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің шешімімен ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер Қазақстан Республикасының ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарларына қатысты «Басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесі» (бұдан әрі – БАБЖ) ақпараттық жүйесін мақұлдады. Қазіргі уақытта қолданыстағы ақпараттық жүйелерді (бұдан әрі – АЖ) (АШЖБ АЖ, БАБЖ АЖ) пысықтау, ұлттық деңгейден жоғары тұрған заңнамаға сәйкес АЖ-ны ЕАЭО бойынша әріптестермен одан әрі интеграциялау бойынша одан әрі жұмыс жүргізілуде.

Кешенді шараларда, сондай-ақ ақпараттық жүйені пайдалана отырып, ветеринариялық есептілікті автоматтандыру, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін электрондық есепке алу және ветеринариялық анықтаманы электрондық құжат нысанында беру, қадағалау, эпизоотиялық мониторингтің ақпараттық жүйесін енгізу және жануарлардың инфекциялық ауруларының өршуін болжау, сондай-ақ малдың сойылуын қадағалауды және шикізатты нарыққа жеткізуді қамтамасыз ету көзделген.

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар үшін 616 бейнетіркегіш және 73 планшет сатып алынды, олар мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру кезінде пайдаланылады.

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларды (планшеттер және т.б.) жарактандырудың бекітілген заттай нормаларына толықтырулар енгізу, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды, мемлекеттік ветеринариялық зертханаларды жарактандырудың бекітілген нормаларына талдау бойынша жұмыс жүргізілуде.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары бастамашылық жасаған заң жобасы шеңберінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларға мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау жүргізу кезінде фото және бейнетүсірілімді жүзеге асыру, сондай-ақ техникалық құралдарды (жабдықтарды, аспаптарды, өлшем құралдарын, құрылғылар мен құралдарды) және оларды пайдалану тәртібін анықтау.

Кейіннен ветеринариялық бақылау бекетінің ветеринариялық-санитариялық инспекторларын қамтамасыз етудің заттай нормаларына сәйкес ветеринариялық-санитариялық инспекторларды қазіргі заманғы цифрлық технологиялық жабдықтармен (планшеттер, бейнетіркегіштер) толық жиынтықтау жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Ветеринария мамандарын даярлауға қатысты

Бүгінде республиканың аграрлық секторында жоғары ветеринариялық білімі бар 16 мыңнан астам маман жұмыс істейді, ал Қазақстанда ветеринариялық мамандардың тапшылығы шамамен 5 мың бірлікті құрайды.

Қазіргі уақытта ЖОО-лар түлектердің біліктілік деңгейін арттыруды, олардың қазіргі заманғы технологияларға бейімделу дәрежесін, шешім қабылдай білуін және бұл үшін өндірісте жауапты болуын қарастыруда.

«Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – ҰАҒБО) аграрлық бейіндегі үш ЖОО (*Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Жәңгір хан атындағы Қазақ агротехникалық университеті*) агроөнеркәсіптік кешен үшін жоғары білікті және бәсекеге қабілетті мамандар даярлауды жүзеге асырады. Ағымдағы жылы аграрлық бағыттағы екі жоғары оқу орнына – Қазақ ұлттық аграрлық университетіне және С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне зерттеу мәртебесі берілді. Бұл тек оқуды ғана емес, сонымен қатар зерттеу жұмыстарын жүргізуді де білдіреді.

Оқытудың жаңа жүйесін енгізу өз кезегінде басқару құрылымын қайта ұйымдастыруды, оқу процесін ұйымдастыруды және оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етуді талап етті, оқушылардың өз еңбегінің нәтижелері үшін жауапкершілігін едәуір арттырды, пәндерді таңдауда, модульдік білім беру траекториясында еркіндік берді.

Осыған байланысты, Ветеринария факультетінің профессорлық-оқытушылық құрамы білікті ветеринария мамандарын даярлау бойынша мақсатты жұмыс жүргізуде. Екі мамандық: ветеринарлық медицина және ветеринарлық санитария бойынша тәуелсіз шетелдік сарапшылардың қатысуымен халықаралық аккредитациядан сәтті өтті, сондай-ақ магистратура және PhD докторантура аккредиттелді.

Аграрлық бейіндегі үш жоғары оқу орнының материалдық-техникалық жарактандырылған іргелі және практикалық базасы бар.

Ветеринария факультетінде оқу-ғылыми-өндірістік зертханалар (бактерияға қарсы биотехнология зертханасы; эпизотология зертханасы; вирусқа қарсы биотехнология зертханасы; паразитке қарсы биотехнология зертханасы, микробиоценоз және пробиотиктерді құрастыру зертханасы, ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханасы), ветеринариялық дәріханасы бар жануарлардың ветеринариялық клиникасы және оқу-ғылыми-өндірістік орталық жұмыс істейді, олар оқу процесін қажетті зертханалық және ауыл шаруашылығы жануарларымен, химиялық реактивтермен және дәрі-дәрмектермен үздіксіз қамтамасыз етеді.

ҰАҒББО-ның жұмыс істеп тұрған ғылыми-зерттеу институттарының өндірістік алаңдары/тәжірибелік станциялары/тәжірибелік-өндірістік шаруашылықтары базасында құрылған 25 білім тарату орталығы бар, онда қазіргі заманғы және тиімді технологияларды енгізу жөніндегі жұмыс, оның ішінде нәтижелерді практикалық көрсету, АШТӨ-ге білім беру (оқыту іс-шаралары, консультациялар және т.б.) ұйымдастырылған, олардың базасында біліктілікті арттыру курстарынан өтуді ұйымдастыруға болады.

Бұл бағыттағы бірлескен жұмысты аграрлық бейіндегі университеттер мен колледждердің ғалым-оқытушылары, табысты практик-мамандар, шетелдік сарапшылар жүзеге асырады.

Сонымен қатар, БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО) тарапынан ветеринария саласындағы әртүрлі тақырыптар бойынша ветеринария мамандары үшін онлайн-оқыту (вебинарлар) өткізіледі (жануарлардың жұқпалы ауруларымен күрестің алдын алу, тамақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету, бақылаудағы жүктің әкелінуіне бақылауды жүзеге асыру және т.б.).

Сондай-ақ, Шаралар кешені шеңберінде Комитеттің және оның аумақтық инспекцияларының, ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын ЖАО бөлімшелерінің, мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ветеринария саласындағы мамандарының біліктілігін арттыру көзделген.

Ветеринариялық препараттардың сапасын бақылаудың тәуелсіз жүйесін құруға қатысты

Ветеринариялық препараттардың, азықтық қоспалардың сапасын бақылауды қамтамасыз ету үшін «Ветеринария бойынша ұлттық референттік орталық» РМК-ға (бұдан әрі – ВҰРО) заң жүзінде бекітілген, ол өз құзыреті шеңберінде мыналарды жүзеге асырады:

- ветеринариялық препараттарды, азықтық қоспаларды тіркеу сынақтары, байқаудан өткізу, сондай-ақ препараттардың серияларын (партияларын) жарнамалау кезінде бақылау;

- ветеринариялық препараттардың, азықтық пен азықтық қоспалардың қауіпсіздігін мониторингтеу жатады.

Аталған функцияларды тиімді жүзеге асыру үшін ВҰРО биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты (БҚПҒЗИ) және қазақ ветеринариялық ғылыми-зерттеу институты (ҚазҒЗВИ) сияқты ғылыми-зерттеу институттарын тартады.

Ветеринариялық препараттарды жеткізуге жасалған шарттар шеңберінде Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, нақты жеткізілген тауардың нормативтік техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігіне бақылау және тексеру жүргізе отырып, жеткізілген тауардың сапасын растау қосымша

көзделген. Бұл ретте осы тексерулер бойынша барлық шығыстарды Жеткізуші көтереді.

Сондай-ақ, Шаралар кешенінде 2023 жылға дейін ветеринариялық препараттардың айналымын, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттағы ветеринариялық препараттардың қалдық мөлшерін мониторингтеу, бақылауды реттеу жөнінде шаралар қабылдау көзделген.

Материалдық-техникалық базаны жақсартуға қатысты

2021-2023 жылдар кезеңінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар үшін 272 бірлік автокөлік құралын, 468 бірлік планшетті, 446 бірлік принтерді, 460 бірлік жұмыс станциясын сатып алу жоспарланған.

Мемлекеттік ветеринариялық зертханалардың материалдық-техникалық жарақтандырылуына (РВЗ, ВҰРО) сәйкес кәсіпорындардың өз қаражаты есебінен 2019-2020 жылдары 82 және 60 атау бойынша зертханалық жабдықтар сатып алынды (анықтама ретінде: жабдық импорттаушы елдердің талабы бойынша жануарлардан алынатын өнімдерде, азықтарда және азықтық қоспаларда, оның ішінде ҚХР, ЕО және ЕАЭО елдеріне экспортқа жіберілетін азықтық қоспаларда айқындалатын көрсеткіштер (*антибиотиктер, микотоксиндер, афлатоксиндер, пестицидтер, полихлорланған бифенилдер, диоксиндер, диоксинге ұқсас заттар және т.б.*) тізбесін кеңейту үшін пайдаланылады). Осы жабдықта жаңа зерттеу әдістемелерін жұмысқа енгізу үшін әдістемелерді тіркеуге және сынақтан өткізуге қаражат бөлінді, жаңа зерттеу әдістеріне сор әзірленді).

Жануарлардың аса қауіпті ауруларының ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын «Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» РММ үшін жарақтандыру нормаларын бекіту, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды, мемлекеттік ветеринариялық зертханаларды жарақтандырудың бекітілген нормаларына талдау жасау мәселесі пысықталуда.

Бұдан басқа, Шаралар кешені шеңберінде мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың (республикалық және жергілікті деңгейлерде), мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың, ветеринариялық бақылау бекеттерінің материалдық-техникалық базасымен қажеттілікті айқындау және жарақтандыру (оның ішінде жаңарту) жөніндегі шаралар іске асырылатын болады.

Жалпы, ветеринарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері Үкіметтің тұрақты бақылауында.
